**Ключевые слова:** адаптация, адаптация студентов первого курса, наставничество, тренинг, консультация, дистанционное обучение.

### **Кіріспе**

Болашақ маман иелерінің өз мансабында жетістікке жетуін анықтайтын негізгі факторлардың бірі жоғары мектепке бейімделу кезеңінің толыққанды, сәтті өтуі болып табылады. Өйткені студенттердің білім беру жүйесіне, өзінің білім алатын орнына интеграциясы мәселесі болашақ мамандардың кәсібилілігіне, құзыреттілігіне, қоғамды алға қарай дамытуда өз кәсібін ұтымды пайдалануына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Соның ішінде, жоғары оқу орындарының білім алушыларына, әсіресе, күні кеше мектеп түлектері болған бірінші курс студенттеріне университет ортасына әлеуметтік бейімделуі күрделі болуы мүмкін. Алғашқы оқу жылында студенттердің бейімделу процесінің

қиындығы ең алдымен, жоғары оқу орнында мектептегі оқыту әдістерінен бөлек, білім беру процесінің өзіндік ерекшеліктері, оқу тәртібі мен талаптарындағы жаңашылдықтары болуымен, күнделікті тұрмыс жағдайындағы өзгерістер, яғни білім алушылардың тұрғылықты мекенжайын отбасынан бөлек жатақханаларға ауыстыруы, топшілік оқу үлгерімдеріндегі айырмашылықтар, жаңадан университет қабырғасында оқытушылармен және басқа студенттермен тұлғааралық қарым-қатынастар ережелерін игеру, қалыптастыруымен байланысты.

Қазіргі кезде ғылым салаларындағы үздіксіз жаңалықтар, қоғамның қарқынды технологияциясы процесі жастардың жаңашылдықтарға, инновацияларға, өзгерістерге икемді, тез бейімделгіш қасиеттерінің болуын талап етеді.



Жақын арада орын алған пандемия қоғамның барлық салаларында көптеген өзгерістер әкелді. Соның ішінде білім беру саласында да карантин жағдайына байланысты көптеген өзгерістер орын алды. Соның бірі – қашықтықтан оқыту форматының оқу процесінде кең пайдаланылуы. Қашықтықтан оқыту форматы, негізінен алғанда, бұрыннан қолданыста бар оқыту формаларының бірі болып табылатынымен, мұндай өткір қажеттіліктен туындаған, жаппай кең етек алған емес деуге болады. Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту форматына студенттердің бейімделуі өзекті тақырыптардың біріне айналды.

Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына интеграциясы білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені студенттердің алғашқы оқу жылында бейімделуі процесінің өту барысы, нәтижелілігі олардың мамандығы бойынша білімдер мен практикалық дағдыларды игеруіне тікелей әсер етеді. Зерттелініп отырған мәселенің көптеген тұстары біраз жылдар бойы әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдар салалары тарапынан қарастырылады. Студенттердің жоғары білім алу мәселелерін, олардың университеттік ортаға бейімделуін отандық зерттеушілер Г.С. Абдирайымова, Г.О. Абдикерова, Г.Т. Алимбекова, К.У. Биекенов, З.Ж. Жаназарова, Г.А. Кенжакимова, Б.Н. Кылышбаева, А.Т. Омарова, И.С. Сарыбаева және басқалары жан-жақты зерттеген. Алайда, пандемия салдарынан орын алған қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің жоғары білім беру жүйесіне интеграциясы тақырыбына қатысты зерттеулер қажеттігі туындап отыр. Сондықтан бұл зерттеу жұмысымызда бірінші курс студенттерінің онлайн форматында оқыту кезінде жоғары оқу орнына бейімделуі процесінің өту барысын жан-жақты қарастыру өзектілігі артып отыр.

Жастардың студенттік өмірге әлеуметтік бейімделуі көп қырлы, ұзақ процестердің бірі болып табылады. Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына әлеуметтік бейімделуінің нәтижелі, оңай өтуі бұл процеске тікелей қатысатын екі тарапқа, яғни, студенттердің өздеріне және университет ортасына, яғни университет басшылығына, оқытушыларға, басқа студенттерге байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін тек студенттердің кәсіби білім алуына ғана емес, сонымен бірге, қоғамды дамытуға өз үлесін қоса алатын жеке тұлғаны, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, студенттердің қоғамда сәтті әлеуметтенуін және еңбек нарығына тез әрі нәтижелі бейімделуін

қамтамасыз ету сияқты жоғары оқу орындарына қойылатын маңызды әлеуметтік талаптарды орындауы үшін бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға тез әрі сәтті бейімделу процесіне көмектесуі өзекті екендігі анық.

### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

Студенттердің жоғары оқу орнына бейімделу түсінігі біраз еңбектерде қарастырылған. Бірқатар авторлар университетке бейімделу – академиялық нәтижеден басқа да көптеген факторларды талап ететін күрделі, көп қырлы болып келеді деп есептейді (Baker, 1984).

Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орындарына, жоғары білім жүйесіне бейімделу процесін көптеген ғылымдар саласы зерттейді. Педагогика ғылыми тұрғысынан алғашқы оқу жылындағы студенттердің бейімделу процесінің құрылымы бойынша жүргізген зерттеуде автор студенттердің жоғары білім беру мекемелерінде оқуға бейімделуінің мәні оқытушылардың білім мен білік дағдыларын студенттерге тікелей беруінде ғана емес, сонымен бірге әр студенттің жеке тұлғасын дамытуда, оның әлеуметтік тәжірибесін байытуда деп көрсеткен (Badelina, 2020: 474). Жаратылыстану ғылымдары бойынша жоғары білім алушы бірінші курс студенттерінің бейімделуіне әсер ететін факторлар бойынша зерттеулерде студенттердің бірінші оқу семестрінде бейімделуі тұлғалық, институционалдық және академиялық факторлар ықпал ететін күрделі процесс ретінде қарастырылады (Birzina, 2019: 358). Бірқатар зерттеушілер алғашқы оқу жылын бастаған студенттердің білім алуда жетістікке жетуін жан-жақты қарастырып, өз бетімен жұмыс жасау, уақытты және топтық жұмысты басқару сияқты дағдыларында өздеріне жақсы баға беретін студенттер университетте алғашқы оқу жылында жетістікке жетуі мүмкіндігін айтады (Goldfinch, 2007: 271). Бірінші курс студенттерінің бейімделуіндегі алаңдаушылық сезімдерін зерттеген авторлар негативті бағалауға деген қорқыныш неғұрлым аз болса, студенттердің академиялық бейімделуі және институционалды бейімделуі соғұрлым жақсы болады, ал теріс бағалаудан қорқыныш соғұрлым жоғары болса, академиялық бейімделу және жеке-эмоционалды бейімделу соғұрлым төмен болады деп жазады (Arjanggi, 2016:34). Пандемия салдарынан туындаған қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің жоғары оқу орнына, жоғары білім

беру жүйесіне бейімделуі мәселесін зерттеу үшін осыған дейін ғылыми кеңістікте онлайн оқыту туралы жинақталған тәжірибелерге шолу жасау қажет. Онлайн курстарда студенттердің жетістікке жетуіне әсер ететін факторларын зерттеген бірқатар авторлар мотивацияны әрбір білім беру ортасының маңызды компоненті ретінде қарастыра келе, мотивацияны студенттердің жетістікке жетуін анықтайтын негізгі факторлардың бірі деп анықтайды (Yükselturk, 2007: 72). Ал басқа бірқатар зерттеулерде студенттердің күтілімдерінің қанағаттандырылуының олардың онлайн-курстарында жетістікке жетуіне ықпалы қарастырылады (Baturay, 2015: 9). Бірінші курс студенттерінің онлайн әлеуметтік бейімделуі бойынша зерттеу жүргізген авторлар білім алушылардың академиялық қабілеттері сияқты индивидуалды сипаттамаларын академиялық нәтижелердің алғышарттары ретінде қарастырады (Krasilnikov, 2017: 327). Студенттердің онлайн білім беруге қосылуы туралы қарастырған автор академиялық ұжымның білім алушыларға онлайн оқыту туралы нұсқаулықтарды әзірлеуі студенттердің жоғары білім беру жүйесіне қосылуын арттырады (Coates, 2006: 167).

### Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл жұмыста ғылыми зерттеудің заманауи әдістемесі, оның ішінде теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу мәселесі бойынша әлеуметтану, жаратылыстану, педагогика және психология сияқты әртүрлі ғылым салаларындағы әдебиеттерге шолу жасалды. Зерттеу тақырыбымен байланысты көптеген ғылыми мақалаларға, кітаптарға, интернет-ресурстарына контент-талдау әдісі арқылы шолу жасалды. Зерттеудің практикалық бөлімінде студенттердің алғашқы оқу жылында жоғары білім беру жүйесіне бейімделуі туралы эмпирикалық деректер алу үшін бірінші курс студенттері арасында онлайн-сауалнама жүргізілді.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында келесідей сұрақтар алға қойылды:

- бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуі процесінің мәнін көрсету;
- қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің алғашқы оқу жылындағы университеттік ортаға, жоғары білім беру жүйесіне, студенттік өмірге бейімделуінің ерекшеліктерін айқындау;
- бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға, жоғары білім беру жүйесіне бейімделуі

процесін оптимизациялау үшін тиімді әдістер мен факторларды анықтау.

Зерттеу жұмысының мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттер мен жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің талдауына негізделі отырып, бірқатар гипотезалар құрастырылды:

- жоғары оқу орнына бірінші курс студенттерінің бейімделуі үшін әлеуметтік орта факторлары, соның ішінде куратор-эдвайзерлердің ықпалы жоғары;

- жас ұрпақтың мектеп кезінен болашақ мамандығын таңдап, білім алатын кәсіп түріне қызығушылығы мен ол туралы неғұрлым хабардар болуы бірінші курс студентінің жоғары білім беру жүйесіне тез әрі сәтті бейімделуіне жағымды ықпал көрсетеді;

- бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға бейімделу процесіне тұлғалық факторлар болып табылатын коммуникативтілігі мен алғырлығы сияқты жеке қасиеттері әсер етеді;

- студенттердің алғашқы оқу жылында жоғары оқу орнына, студенттік өмірге бейімделуіне неғұрлым нәтижелі әдісі – тәлімгерлік.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында контент-талдау, онлайн-сауалнама сияқты әдістер қолданылды. Зерттеу мәселесіне арналған осыған дейінгі ғылыми әдебиеттердің мазмұнына талдау жасалынды. Пандемия салдарынан орын алған өзін-өзі оқшаулануға байланысты бірінші курс студенттерінің қатысуымен онлайн-сауалнама жүргізілді.

Онлайн форматындағы сауалнамаға 180 бірінші курс студенті қатысты. Зерттеуге қатысқан білім алушылар кластерлік (ұяшықтық) іріктеу арқылы жинақталды. Педагогикалық, техникалық сияқты ғылыми бағыттар бойынша 14 бірінші курс студенттік оқу топтары таңдалынып, топтағы барлық студенттерге онлайн сауалнамаға қатысу ұсынылды. Нәтижесінде, негізінен, сұрауға педагогикалық (49%) және техникалық (43%) салалардың білім алушылары қатысты. Зерттеу мәселесіне байланысты сауалнамаға бірінші курс студенттері қатысқандығынан респонденттердің 97%-ы 18 жастағы білім алушылар екені анықталды.

### Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері анықтағандай, сауалнамаға жауап берген бірінші курс студенттерінің жартысынан көбі группаластарымен оқу жылы басталғалы бір рет қана кездескен. Бұл ең алдымен, пандемия уақытында орын алған өзін-өзі оқшауланумен байланысты. Яғни студенттер

карантин талаптарын сақтау үшін студенттік кездесулерін барынша шектегені анықталды. Сонымен бірге, ауылда тұратын бірінші курс студенттерінің көпшілігінің өз үйінен онлайн оқу сынды территориялық алшақтық та өз үлесін қосады. Респонденттердің 36% дерлік ауылдан білім алып жатқандығы туралы баяндады.

Онлайн форматындағы сауалнамаға қатысқан білім алушылардың көпшілігінің (81%) оқу жылы басталғалы өзінің оқу тобында 4 және одан да көп студенттермен достық қарым-қатынас орната алғаны туралы айтады. Бұл студенттік топ ішіндегі ұжымында достық қарым-қатынас, олардың бейімделуіне қолайлы жағдай қалыптасқанын, яғни студенттердің бірін-бірі жылы қабылдағанын білдіреді. Бұл пікірімізді сондай-ақ, студенттердің топ ішіндегі атмосфераны қалай бағалайтыны туралы сұраққа респонденттердің 60%-ның өте жақсы және 33%-ның жақсы деп анықтағаны да дәлелдейді. Жалпы алғанда, студенттер үшін оқу тобы ұжымындағы микроклиматтың өзектілігі зор, өйткені бір оқу тобында оқитын студенттер бір-бірімен жиі араласуына тура келеді. Әсіресе, студенттік топ ұжымының бірінші курс студенттері үшін маңыздылығы үлкен, себебі алғашқы күндерден бастап топтағы студенттердің өздерін қалай қарсы алып, қабылдайтыны білім алушылардың университеттік ортаға бейімделуіне тікелей ықпал етеді. Бірқатар авторлар еңбектерінде студенттерге университетке бейімделу үшін көмек қажеттігін, тобында достық және жағымды көңіл-күй болуы жоғары білімге әлеуметтік-эмоционалды бейімделуге үлкен ықпал ететінін зерттеулер көрсетінін айтады (Harvey, 2006: 3).

Студенттердің бейімделу процесінің өту барысында олардың оқытушылармен немесе басқа студенттермен өзара түсініспеушілігінің орын алуы қатты әсер ететіні белгілі. Бірінші курс студенттерінің топ ішінде достық, жақсы қарым-қатынас орнағаны туралы ойымызды тағы дәлелдейтін фактор бұл – студенттердің арасында оқытушылармен немесе топ ішіндегі басқа студенттермен конфликт жағдайларының орын алмағаны туралы 84% респонденттердің жауабы дәлелдейді. Оқу жылы басталғалы конфликт жағдайы болды деп жауап бергендердің (16%) барлығының дерлік басқа студенттермен түсініспеушілікке келгені (15%) анықталды.

Бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға бейімделу кезеңінде мектептен кейінгі білім беру жүйесінің сонымен бірге, студенттік өмірдегі күнделікті тіршілік жағдайларын қабылдау, үйренісу жүреді. Жоғары оқу ор-

нымен байланысты бұл оқудағы, күнделікті студенттік өмірдегі жағдайларды бірінші курс студенттеріне кураторлары, эдвайзерлері таныстыруы қажет. Студенттердің жоғары мектеп жүйесіне бейімделу кезеңіндегі академиялық, психологиялық және күнделікті проблема-ларды шешуге университет тарапынан көмектесіндердің бірі – кураторлар, эдвайзерлер. Жоғары оқу орны мен студенттер арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін үйлестіруші, модератор кураторлар болып табылады (Ключникова, 2016: 58). Топ кураторы бірінші курс студенттерінің мектептегі өмірден, оқыту жүйесінен ерекшеленетін жоғары оқу орнындағы білім беру формаларына, студенттік өмірге бейімделу процесіне тығыз араласуы қажет. Ол жаңадан келген студенттерге студенттік тобына қосылуына көмектесіп, олардың құқықтары және міндеттерімен таныстырып, оқу процесін ұйымдастырылуы туралы түсіндіруі керек.

Куратор тобындағы білім алушылардың ағымдағы оқу үлгерімін үздіксіз тексере отырып, студенттердің ата-аналарымен жүйелі түрде талқылауы қажет. Студенттердің ата-аналарымен өзара әрекеттесу білім алушының оқу үлгерімін тиісті деңгейде ұстап қана қоймай, бірінші курстың студенті үшін қолайлы, үй жағдайын жасауға көмектеседі. Бірінші курс студенті үй (ата-аналар) – университет – студент – куратордың ажырамас байланысын сезінеді, бұл бейімделуге және жалпы оқу үлгеріміне жемісті әсер етеді (Ключникова, 2016: 59).

Біздің зерттеу нәтижелері бойынша қазіргі қашықтықтан оқыту кезінде студенттердің кураторларымен қажеттілік туындаған жағдайда күнде, аптасына 2-3 рет хабарласып тұратыны туралы айтты. Кураторларымен мүлдем хабарласпайтын студенттер жоқ екені анықталды. Сонымен бірге, кураторлар, эдвайзерлердің бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік интеграциясындағы түпкілікті рөлін респонденттердің өздерінің жоғары мектепке бейімделуіне әсер ететін факторлардың ішінде өзектілердің бірі ретінде анықтағаны да дәлелдейді. Жалпы алғанда, бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға бейімделуіне әсер ететін тобындағы басқа студенттер, оқу жағдайы, оқытушылар, студенттің өзінің жеке қасиеттері сияқты негізгі бес фактор ретінде кураторлардың көмегін де респонденттердің 24% маңызды деп есептейтіні анықталды.

Бірінші курс студенттерінің оқу процесіне бейімделуі сыртқы және ішкі факторларға

байланысты. Бірқатар авторлар жоғары оқу орнындағы білім алу процесіне әлеуметтанулық, педагогикалық және психологиялық факторлар әсер етеді деп есептейді. Өз кезегінде, жоғары оқу орнына әсер ететін сыртқы факторлар – әлеуметтанулық (жасы, т.б.) және педагогикалық (оқытушылардың педагогикалық шеберлігі, оқу ортасы, т.б.) деп қарастырса, ішкі факторлар бұл – психологиялық факторларға индивидуалды-психологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторлар (мотивация, бірінші курс студентінің жеке бейімделу әлеуеті, т.б.) болып табылады (Мильковская, 2007: 28).

Респонденттерге оқу жағдайы, университетте бұрыннан таныстарының болуы және осы университетте бұрын оқу курстарға қатысуы, грантқа ие болу және шәкіртақы, университеттік ортадағы ғылыми бәсекелестік, кураторларының көмегі, оқытушылар ықпалы, тобындағы басқа студенттермен өзара қарым-қатынасы, студенттің жеке қасиеттері сияқты өздерінің университеттік ортаға бейімделуіне әсер ететін факторлардың ішінен негізгі үш факторды таңдау ұсынылды. Нәтижесінде бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға бейімделуіне әсер ететін негізгі бес фактор ретінде тобындағы басқа студенттермен өзара қарым-қатынас 62%, оқу жағдайы 47%, оқытушылардың көмегі 30%, студенттің өзінің жеке қасиеттері 30%, кураторлардың көмегі 24% болып анықталды. Көріп отырғанымыздай, бірінші курс студенттеріне кураторларының көмегі маңызды, яғни бірінші зерттеу гипотезасы дәлденді.

Алғашқы оқу жылы студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуіне әлеуметтік ортасы факторларының, яғни кураторларының, оқытушыларының, басқа студенттердің ықпалы зор. Соның ішінде, әсіресе, бірінші курс студентінің тобындағы басқа студенттермен өзара қарым-қатынасы өте қатты әсер ететіні сөзсіз. Бұны біздің зерттеу нәтижелері бойынша, респонденттердің 62%-ның университеттік ортаға бейімделу процесіне әсер ететін негізгі фактор ретінде тобындағы басқа студенттермен өзара қарым-қатынас ықпалын таңдауы көрсетеді. Бірінші курс студенттерінің оқу орнына бейімделу процесінің өту барысы мен нәтижесі оқу тобының ұжымы тарапының қабылдауы мен көмек беруіне де байланысты. Студенттік ұжым бірінші курс студенттерінің жаңа оқу жағдайларына бейімделуінде негізгі рөл атқарса, кейін білім алушылардың кәсіптік дайындығы сапасына ықпал етеді. Студенттер

үшін топ ішіндегі қарым-қатынас, атап айтқанда, олардың оқу тобы ұжымының жылы шыраймен қабылдап, достық ниет білдіруі маңызды. Әсіресе кеше ғана мектеп оқушысы болған жастарға, өздерінің студенттік оқу жылын енді ғана бастаған жастар өзінің топтас студенттерінің қолдауы мен көмегін, кеңестерін қажетсінеді. Бұл ең алдымен, бірінші курс студенттерінің көпшілігі бірдей жаста болғандығына байланысты барлығының дерлік ағымдағы уақыттағы көзқарастарында, құндылықтарында, талпыныстарында сәйкестіктер көптеп кездесуіне байланысты. Осыдан келіп топ ішіндегі студенттердің бірін-бірі түсінуде, өзара әрекеттесуде кедергілер, түсініспеушіліктер кездеспейді деуге болады. Сонымен қатар, бір топтағы студенттердің өтетін оқу пәндері бір, оқу тапсырмаларын орындау кезінде топтық жұмыстар көптеп қарастырылады, оқу ізденісі кезінде білім алушылар бір-біріне көмектесуіне мүмкіндік бар. Осымен бірге, студенттер оқытушылармен, куратормен қарым-қатынаста жас айырмашылықтарына, оқытушы деген лауазымына байланысты өздерінің құрдастарымен, достарымен араласқандай қарым-қатынас жасай алмайды.

Осылайша, студенттік өмірде тәжірибесі жоқ жастар өздерінің оқу тобындағы студенттердің, кураторларының, оқытушылар ұжымының қолдауы мен өздерінің тұлғалық қасиеттері және білімдері мен дағдылары арқылы университеттік ортаға неғұрлым тез әрі толыққанды бейімделуіне мүмкіндік алады.

Студенттердің жоғары мектеп жүйесіне бейімделу процесін талдау үшін олардың болашақ мамандығын неліктен таңдағанын анықтау өте маңызды болып табылады. Өйткені кураторлар өз тобындағы студенттерінің осы мамандығын таңдау мотивтерін анықтағаннан кейін, олардың өздерінің болашақ кәсіп түріне қызығушылығын арттыруына мүмкіндік алады, қоғамды одан әрі дамыту үшін өз кәсібінің шеберіне айналуы үшін оқуға, университет өміріне белсене араласуға ынталандырады. Осыған байланысты біздің зерттеуімізде бірінші курс студенттерінің мамандығын таңдауына әсер еткен негізгі факторды анықтау ұсынылды. Зерттеу нәтижесі респонденттердің болашақ кәсіп түрін таңдауына бала кезінен осы кәсіп түрімен айналысуды армандауы 42%, қоғамға пайдалы болу 35%, мемлекеттік грант негізінде білім алу 19% әсер еткенін көрсетті. Осылайша, куратор-эдвайзерлер тобындағы студенттерінің әрқайсысының мамандығын таңдау мотивтерін

анықтап, әрі қарай бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға, жоғары білім беру жүйесіне бейімделу процесін қалай нәтижелі, студенттерге қолайлы жағдайда өткізетіні туралы шешімдер қабылдай алуына көмектеседі.

Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделу процесінің қандай дәрежеде жүріп жатқанын анықтау үшін олардың жоғары білім жүйесінің академиялық жағдайларына, оқу процесінің ұйымдастырылуына, университеттегі әлеуметтік ортасына, яғни оқытушылармен, кураторлармен, топтағы студенттермен жұмыс жасауға қаншалықты үйреніскені туралы мағлұмат алу маңызды. Сол себепті респонденттерден пәннің оқу-әдістемелік кешенімен (силлабуспен, дәрістер тезистерімен, практикалық сабақ тапсырмалары сияқты құжаттармен), оқытушылармен және топтағы студенттермен жұмыс жасауға, оқу процесінің ұйымдастырылуына, қашықтықтан оқытуға қаншалықты дәрежеде үйреніскені туралы сұрақ қойылды. Респонденттердің 90% пәннің оқу-әдістемелік кешенімен жұмыс жасауды және жоғары білім беру жүйесінде оқу процесінің ұйымдастырылуын, яғни дәріс және семинар сабақтарының, студенттердің өзіндік жұмысының ережелерін толық меңгергені туралы айтты. Сонымен бірге, бірінші курс студенттерінің 95% өзінің тобындағы басқа студенттермен бірлесе жұмыс жасауда ешқандай қиыншылықтар жоқ екенін айтты. Студенттердің университеттегі әлеуметтік ортасының бірі – оқытушылармен және кураторымен қарым-қатынас жасауда ешқандай қиыншылықтар жоқ екендігін респонденттердің 92% көрсетті. Пандемия салдарынан орын алған қашықтықтан оқыту бойынша дәріс, практикалық сабақтардың өту ережелеріне респонденттердің 86% үйреніскенін айтты.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің мамандығын таңдау мотивтерінің олардың жоғары оқу орнына бейімделуіне тікелей әсер ететіні анықталды. Өйткені қоғамға пайдалы болу және бала кезінен осы кәсіп түрімен айналысу үшін осы мамандықты таңдаған сауалнамаға қатысқан бірінші курс студенттері пәннің оқу-әдістемелік кешенімен жұмыс жасауға, оқу процесінің ұйымдастырылуы (дәріс, практикалық сабақтар, студенттің өзіндік жұмыстары) ерекшеліктеріне, тобындағы басқа студенттермен және оқытушылармен бірігіп жұмыс жасауға тез үйренісіп, бейімделгені анықталды. Демек, зерттеу жұмысының екінші гипотезасын, яғни, жастардың мектепте оқуы барысында болашақ

мамандығын таңдауы, болашақ кәсіп түрін армандап, ол туралы хабардар болуы бірінші курс студентінің жоғары оқу орнына толыққанды, тез бейімделуіне көмектесетінін зерттеу нәтижелері дәлелдейді.

2020-2021 оқу жылы бірінші курс студенті атанған жастардың жоғары білім беру жүйесіне, жоғары оқу орнына бейімделу процесінің ерекшеліктері болды. Бұл қоғамда пандемия салдарынан орын алған қашықтықтан оқытумен байланысты. Жоғары оқу орындарындағы оқу процесінің ұйымдастырылуы мектептегіден ерекшеленетіні сөзсіз, сонымен бірге онлайн форматындағы оқыту университеттегі білім беру процесіне өзіндік ерекшеліктерін қосады. Қашықтықтан оқыту кезінде дәрістердің, практикалық сабақтардың онлайн форматын студенттердің барлығына түсінікті, жұмыс жасауына ыңғайлы, әрбір пәннің теориялық және практикалық міндеттерін толық орындайтын етіп ұйымдастыру өте маңызды болып табылады. Бұл, әрине оқытушылардан шығармашылық, үлкен жауапкершілік қажет етеді. Бірқатар авторлардың еңбектерінде онлайн оқытудың маңызды ерекшеліктерінің бірі ретінде қолданылатын педагогикалық тәсіл көрсетіледі (Means, 2013: 8). Сонымен бірге, бұл тұста, педагогикалық дизайн түсінігінің өзектілігі арта түсті. Бірқатар зерттеушілердің еңбегінде онлайн-курстарды жобалаудағы педагогикалық дизайнның ерекшеліктері көрсетілген. Авторлар онлайн оқытуды жүзеге асырудың балама нұсқаларымен қоса оқыту курстарын жобалауда ескеру қажет негізгі дизайн ерекшеліктерін ұсынған. Олардың ішінде оқыту үлгісі мен игеру қарқыны, педагогикалық технология, оқытушы рөлі, студент рөлі, кері байланыс сияқты басқа да сипаттамалар бар (Means, 2014:27).

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ЖОО-дағы оқу процесін ұйымдастырылуы мектептегіден көптеген ерекшеліктері болады. Алайда бірінші курс студенттерінің тек жоғары білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен бірге, қазіргі таңда қолданыстағы қашықтықтан оқыту форматына да үйренісіп, бейімделуі қажеттілігі туындап отыр. Әрине 2020-2021 оқу жылында бірінші курсты бастаған студенттер мектепте де қашықтықтан оқыту формасымен танысып, біраз тәжірибе жинақтады. Осылайша, мектепте қашықтықтан оқыту бойынша алған тәжірибелерімен қоса, университетте оқытушылар тарапынан студенттерге онлайн форматында білім алу бойынша консультациялар, таныстырулар өткізу нәтижесінде

бірінші курс білім алушыларының жоғары білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне үйренісуін қамтамасыз етті. Бірінші курс студенттері үшін қашықтықтан оқыту формасының қаншалықты ыңғайлы екенін анықтау үшін респонденттерге сұрақ қойылды. Нәтижесінде зерттеуге қатысқандардың 54%-ына онлайн форматының өте ыңғайлы екені анықталды.

Студенттердің университеттік ортаға тез әрі толыққанды бейімделуі үшін әлеуметтік ортасымен қатар, өзінің кәсіптік және тұлғалық қасиеттерінің маңызы зор екені белгілі. Өйткені студенттердің жоғары оқу орнына бейімделу процесінің сәтті өтуі үшін университет тарапымен қатар, білім алушының өзі де бар ынта-сымен талпынуы қажет. Студенттердің жоғары оқу орнына, білім беру жүйесіне бейімделуінің сәтті немесе сәтсіз болуы олардың тұлғалық қасиеттеріне де байланысты. Жоғары оқу орнындағы ережелерге үйренісу үшін студенттің шыдамдылығы, алғырлығы, коммуникативтілігі сияқты тұлғалық қасиеттерімен қатар, өзінің мамандығы бойынша оқу пәндерін сәтті игеруге қажетті білімдері мен дағдыларының болуы да маңызды.

Жастар студенттік өмірде жетістіктерге қол жеткізу үшін өзінің оқу міндеттерін сапалы орындауына қажетті кәсіби құзіреттіліктерін ғана емес, сонымен бірге, жеке қасиеттерін (коммуникациялық дағдылары, өз бетімен және топпен жұмыс жасау және т.б.) қалыптастырып, дамытып отыруы қажеттігін көрсетеді.

Зерттеуге қатысқан респонденттерге студенттердің бейімделу процесіне неғұрлым нәтижелі ықпал ететін кәсіптік және тұлғалық қасиеттерді таңдау ұсынылды. Нәтижесінде жауап бергендердің басым көпшілігі бірінші курс студентінің коммуникативтілігі, тез тіл табыса білуі (65,41%), тәрбиелігі, өнегелігі, алғырлығы сияқты тұлғалық қасиеттердің де (45,91%), өзінің мамандығын бастапқы уақытта тез әрі сәтті игеруге қажетті теориялық және практикалық білімдердің болуы (33,96%), өз бетімен және топпен жұмыс жасай білу (33,96%) сияқты қасиеттердің университеттік ортаға бейімделуде маңыздылығын көрсетті (1-сурет). Зерттеу жұмысының үшінші гипотезасының, яғни студенттердің алғашқы оқу жылында жоғары оқу орнына бейімделуіне коммуникативтілігі мен алғырлығы сияқты тұлғалық қасиеттерінің әсері зор екені дәлелденді.

Бұл студенттің кәсіптік және тұлғалық қасиеттерін респонденттердің университеттік

ортаға бейімделудегі негізгі факторлар ретінде таңдауының көптеген себептері бар. Біріншіден, бірінші курс студенттері бастапқы уақытта басқа студенттерді де, оқытушыларды да танымайды, сондықтан, неғұрлым қысқа уақыт ішінде университеттегі әлеуметтік ортасымен тез табыса алуы қажет. Бұл кейін студенттер тобында, әрі оқытушылармен қиыншылықтарсыз, кедергілерсіз өзара әрекеттесуіне көмектеседі. Бірінші курс студенті үшін алғашқы оқу жылы көптеген жаңашылдықтар, яғни мектептегі өмірден ерекше студенттік өмір, кейбір студенттер тұрғылықты мекен-жайын ауыстырып, жатақханаларда тұра бастауы мүмкін, сонымен бірге, оқу процесіндегі айырмашылықтар болады. Сондықтан да, алғырлық сияқты тұлғалық қасиеті бірінші курс студентінің жоғары білім беру жүйесіне тез бейімделуіне көмектесетіні сөзсіз. Сол сияқты, өзінің мамандығын бастапқы уақытта тез игеруге қажетті теориялық және практикалық білімдердің болғандығы да маңызды. Жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша студенттердің адаптация процесін зерттеген бірқатар авторлар бірінші оқу семестрінде білім алуға бейімделуіне академиялық факторлардың ықпалын қарастырған. Олар студенттердің жоғары оқу орнында жетістікке жетуі үшін таңдаған мектеп пәндері бойынша ғана емес, барлық жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша осыған дейін мектепте алған білімдерінің жоғары болуы маңызды екенін дәлелдейді (Birzina, 2019: 358).

Жастардың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес, өз мамандығы бойынша жоғары теориялық және практикалық білімінің болуы және алғырлығы, тәрбиелілігі, инновациялық әлеуеті, коммуникативтілігі, мобильділігі, өзгерістерге икемділігі сияқты тұлғалық қасиеттерінің болуы студенттердің жоғары білім беру жүйесіне, кейін еңбек нарығына бейімделуін жеңілдететіні сөзсіз.


Алғашқы оқу жылынан бастап студенттердің университет қабырғасында өзін қолайлы, сенімді сезініп, жетістіктерге жетуі үшін олардың жоғары оқу орнына бейімделу әдістерінің неғұрлым тиімді түрлерін анықтаған маңызды болып табылады. Бұл сұраққа жауап беру үшін зерттеуге қатысқан студенттерден өздеріне неғұрлым тиімді үш бейімделу әдістерін көрсету ұсынылды. Нәтижесінде респонденттердің көпшілігі үшін консультация 65,41%, тренинг 50,94%, тәлімгерлік 46,54% сияқты әдістердің нәтижелілігі анықталды (2-сурет). Көріп отырғанымыздай, зерттеу нәтиже-

лері жұмысымыздың төртінші гипотезасын, студенттердің университеттік ортаға бейімделуіне тиімді әдістердің бірі – тәлімгерлік екенін

дәлелдейді. Зерттеу нәтижесінде анықталған тиімді бейімделу әдістерінің әрқайсысын толығырақ қарастырып өтсек.



1-сурет – Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуіне әсер ететін жеке қасиеттері



2-сурет – Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделу әдістері

Консультация бұл – студенттердің университет ортасына бейімделу процесіндегі оқу және тәрбие беру мәселелері бойынша дәріс және практикалық сабақтарға қосымша жүргізілетін жұмыс, оқытушы және студент тарапынан үлкен жауапкершілік пен мұқияттылық, өзара

сенімділік талап етеді. Консультациялар әдетте, емтихан алдындағы және ағымдағы болып жүргізіледі. Ағымдағы консультацияларды оқытушылар оқу жылы бойына жүргізеді. Олардың тек білім беру тұрғысынан емес, тәрбие беру және дамыту тұрғысынан да маңыздылығы айқын.

Кеңес беру барысында студенттер пән бойынша түсініксіз сұрақтарына жауап ала алады. Сонымен бірге, оқытушылар мен студенттердің бір-бірімен жақынырақ танысуына мүмкіндік береді. Оқытушылар студенттерінің оқу процесіндегі, студенттік өміріндегі қиыншылықтары мен түсінбей жүрген тұстарын анықтау, көмектесуіне мүмкіндік алады.

Консультациялар топтық әрі жеке түрде өткізілуі мүмкін. Бірінші курс студенттеріне индивидуалды психологиялық консультациялардың мақсаты – жоғары оқу орнында білім алу мен студенттік өміріндегі қиын жағдайлардан шығуының, тұлғалық өзін-өзі жетілдірудің жеке стратегияларын қалыптастыру болып табылады (Терюшкова, 2018: 3).

Көптеген әдебиеттерде бірінші курс студенттеріне тәлімгерлік функциясын өздерінен жасы үлкен студенттер, оқытушылар, куратор-эдвайзерлерге тиісті қарастырылады. Шынымен де, жоғары оқу орнына жаңадан келген жас ұрпақты университеттің ішкі ережелерімен, жоғары білім беру жүйесінің ерекшеліктерімен таныстыру, топ ішіндегі студенттерге тәрбие беру ісімен топ кураторлары мен эдвайзерлері айналысады. Куратор-эдвайзерлер кеше ғана мектеп оқушысы болған жас ұрпаққа өзін студент ретінде лайықты көрсете білу қабілеттері мен жоғары оқу орнының білім алушысына сай қасиеттерді игеруіне көмектеседі. Университет қабырғасындағы тәлімгердің негізгі функциялары бірінші курс студенттерінің студенттік өмірге бейімделуіне көмектесу, университеттегі студенттерге білім беру, тәрбие беру және дамыту функцияларының үйлесімді әрі нәтижелі жүруін қамтамасыз ету, болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби қасиеттерінің бірдей жоғары дәрежеде қалыптасып, дамуына септігін тигізу болып табылады.

Осылайша тәлімгерлікті студенттің тұлғалық дамуы, мінез-құлық үлгілерін таңдау процесінде көмектесу үшін оқытушының жоғары оқу орнының білім алушыларымен өзара әрекеттесуі қызметі деп қарастыруға болады (Филатова, 2012: 198). Ал, Л.М. Васильеваның айтуынша, педагог-куратор – бұл университетте тәрбие беру функциясын жүзеге асыратын, студенттің жалпы және кәсіби мәдениетті игеру процесіндегі қоғам, кәсіп және студент арасындағы делдал болып табылатын, студенттік топтың әр түрлі қызмет түрлері арқылы құндылық қатынастар жүйесін ұйымдастыратын адам, білім алушылардың мүдделерін қорғай отырып, әр тұлғаның дамуына жағдай жасайды деп анықтаған (Васи-

льева, 2004: 13). Бұл анықтамалардан көріп отырғанымыздай, куратор студент үшін университет ортасындағы тәлімгері болып табылады деген қорытынды шығаруға болады.

Тренинг әдісінің негізгі артықшылықтары көптеген функцияларды қамтуымен байланысты. Бірқатар авторлар тренинг оқыту, түзету және дамыту процестерінің бірлігі мен бірізділігі негізінде жүзеге асырылатын технология деп қарастырады (Макаров, 2013: 64).

Тренингтердің бейімдеу, психологиялық, элеуметтік-психологиялық сияқты көптеген түрлері кеше ғана мектеп оқушысы болған жас ұрпақты студенттік өмірге, жоғары білім беру жүйесіне бейімдеу процесінде жиі қолданылады. Тренингтердің студенттік топтың біртұтастығын дамытуда, әрбір студенттің университет ортасына бейімделуінде, өзінің таңдаған кәсібі туралы түсініктері мен қызығушылықтарының, жауапкершілігін арттыруда тиімділігі өте жоғары.

Бірінші курс студенттерінде бейімделу процесіндегі ең маңызды кезеңдердің бірі – бұл бірінші сессия. Сондықтан оларға арналған психологиялық тренингтер бейімделу процесінің ажырамас бөлігіне айналуға. Тренингтің тақырыптары тесттер мен емтихандар жағдайындағы мазасыздықты жоюға, коммуникативті құзыреттілікті арттыруға, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытуға, стресске төзімділікті арттыруға негізделеді (Терюшкова, 2018: 3).

### Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, бірінші курс студенттерінің университеттік ортаға, жоғары білім беру жүйесіне тез әрі толыққанды бейімделуі үшін бірқатар ұсыныстар жасалынды.

Бірінші курс студенттеріне университеттік ортаға бейімделу әдістерінің оқытушылармен, куратор-эдвайзерлермен бірігіп жүргізетін консультациялар, тренинг, тәлімгерлік сияқты әдістерінің маңыздылығы анықталды. Сондықтан оқытушылар мен куратор-эдвайзерлер бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына, жоғары білім беру жүйесіне бейімделу процесін оптимизациялау үшін консультация, тренинг, тәлімгерлік әдістерін көптеп қолдануы қажет.

Оқытушылар мен кураторлар консультацияларды емтихан алдында, сонымен бірге жыл бойына өткізіп, пән бойынша, әрі білім алушылардың басқа да студенттік өміріндегі мәселелер бойын-



ша кеңес бергені абзал. Көріп тұрғанымыздай, студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік бейімделуінде куратор-эдвайзерлердің орны айрықша. Көбіне көп, университет қабырғасында бірінші курс студенттерінің тәлімгері рөлін куратор-эдвайзерлер атқарады. Бірінші курс студенттері университетке алғашқы келген күндерінен бастап, оқытушылар тарапынан олармен куратор-эдвайзерлер жиі араласады. Сондықтан кураторлар студенттеріне таңдаған мамандықтары туралы көбірек ақпарат беріп, болашақ кәсіп түріне қызығушылықтары мен сүйіспеншілігін арттыруы тиіс. Өйткені, оқып жатқан мамандығына қызығушылығы жоғары студенттің жаңа білімдер алуға, өз кәсібін нағыз шебері болуға ынтасы артады. Бұл өз кезегінде, бірінші курс студентінің жоғары оқу орнында тез әрі сәтті бейімделу процесіне жағымды ықпал етеді. Куратор-эдвайзерлер мен студент арасында сенімді, өзара түсіністікке және өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас қалыптасуы үшін куратор өзінің барынша кәсіби және тұлғалық қасиеттерін көрсете білуі тиіс. Кураторлардың студенттерді университеттік ортаға бейімдеу қызметінің сәтті өтуі адвайзерлердің өз тобындағы әрбір студенттің тұлғалық ерекшеліктері, оқу үлгерімі, қызығушылықтары, құндылықтары, қажеттіліктері, топ ішіндегі өзара қарым-қатынас, студенттің отбасындағы жағдайы, достары туралы хабардар болуымен байланысты. Ол үшін тек құжаттармен жұмыс жасап қана қоймай, студенттермен, оқытушылармен, ата-аналарымен жеке және топтық әңгімелесулер, сауалнама сияқты әдістер қолдану қажет.

Зерттеуге қатысқан студенттердің көпшілігінің өзінің мамандығын қоғамға пайдалы болу және бала кезінен бергі арманын орындау үшін таңдағаны анықталды. Зерттеу нәтижесінде студенттердің мамандығын таңдау мотивтерінің олардың жоғары оқу орнына, білім беру жүйесіне бейімделуіне тікелей әсер ететіні анықталды. Өйткені қоғамға пайдалы болу және бала кезінен осы кәсіп түрімен айналысу үшін осы мамандықты таңдаған бірінші курс студенттері пәннің оқу-әдістемелік кешенімен жұмыс жасауға, оқу процесінің ұйымдастырылу (дәріс, практикалық сабақтар, студенттің өзіндік жұмыстары) ерекшеліктеріне, тобындағы басқа студенттермен және оқытушылармен бірігіп жұмыс жасауға тез үйренісіп, бейімделгені анықталды. Осыған байланысты кураторлар тәрбие сағаттарында студенттерге қоғам алдындағы жауапкершілігін, өзінің мамандығына қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру үшін,

дәрістер мен практикалық сабақтарда оқытушылар студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін түрлі алдыңғы қатарлы, жаңашыл оқыту әдістерін таңдауы қажет.

Зерттеуге қатысқан студенттердің пікірі бойынша университеттік ортаға тез әрі сәтті бейімделу үшін жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттердің маңызы өте зор. Оның ішінде, әсіресе, коммуникативтілігі, тез тіл табыса білуі, тәрбиелігі, өнегелігі, алғырлығы сияқты тұлғалық қасиеттердің, өзінің мамандығын бастапқы уақытта тез әрі сәтті игеруге қажетті теориялық және практикалық білімдердің болуы, өз бетімен және топпен жұмыс жасай білуінің маңыздылығы ерекше атап көрсетілді. Сондықтан бірінші курс студенттерінің оқытушылармен және басқа студенттермен бірігіп жұмыс жасағанда, араласқанда қолайлы жағдайлар жасау үшін, білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту үшін, студенттердің теориялық және практикалық білімдерін арттыру үшін, студенттердің өздері де, оқытушылар да үлес қосқаны жөн.

Қорытындылай келе, зерттеудің мақсаты, яғни бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуі жан-жақты қарастырылып, өзекті мәселелері анықталды. Алға қойылған зерттеу гипотезалары сауалнама нәтижелерін талдау негізінде дәлелденді. Ғылыми жұмыстың нәтижелері алдағы уақытта студенттердің университеттік ортаға бейімделуіне байланысты теориялық және практикалық жұмыстарда қолданыла алады.

Студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуі барлық оқу жылдары бойына жалғасуы мүмкін процесс болып табылады. Өйткені студент оқу тобына, кураторына, бұрын танысқан оқытушыларына үйренісіп, сәтті бейімделсе де, мұнымен бейімделу процесі аяқталмайды. Себебі, әрбір семестрде жаңадан пәндер басталады, нәтижесінде студенттер жаңа білімдер және жаңа оқытушылармен танысады. Әрбір оқытушының оқыту стилінде өзгешеліктер болуы мүмкін. Сонымен бірге, әрбір пәннің өзіндік ерекшеліктері бар. Осымен қатар, өндірістік тәжірибелер кезінде студенттер болашақтағы кәсібі бойынша қызметінің нақты жағдайларына жақындай түсуге мүмкіндік алады. Яғни студенттерде бұл кезеңде де жоғары білім беру жүйесіне бейімделу процесі жүреді. Сондықтан, студенттердің жоғары оқу орнына, жоғары білім беру жүйесіне, студенттік өмірге бейімделу процесіне барлық оқу жылдары бойына студенттің өзі де, жанұясы да, университет тарапынан да ерекше көңіл бөліну қажет.

### Әдебиеттер

- Васильева Л.М. Педагогические условия повышения квалификации кураторов студенческой группы в колледже: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Ставрополь, 2004. – 21 с.
- Ключникова Д.В., Гребенщиков А.В., Василенко Л.И. Роль куратора учебной группы при адаптации первокурсника в ВУЗе // *Международный научно-исследовательский журнал*. Педагогические науки. – 2016. – №5 (47). – Часть 4. – С.58-59.
- Макаров Ю.В. Психологический тренинг как технология // *Известия РГПУ им. А.И. Герцена*. – 2013. – №155. – С.61-66.
- Мильковская И.Ю. Педагогические условия адаптации первокурсников в образовательном процессе высшей школы. – Волгоград: Изд-во Волгогр. гос. ун-та, 2007. – 123 с.
- Терюшкова Ю.Ю. Индивидуальное консультирование как форма психологического сопровождения студентов первых курсов // *Непрерывное образование: XXI век*. – 2018. – №1 (21). – С.1-6.
- Филатова Е.В. Организация наставничества как формы социального партнерства в области профессионального образования // *Вестник КемГУКИ*. – 2012. – №18. – С.196-201.
- Arjanggal R., Luh Putu S. Kusumaningsih. College Adjustment of First Year Students: The Role of Social Anxiety // *Journal of Educational, Health and Community Psychology*. – (2016). – №5(1). – P. 30-39.
- Badelina, M. V. Process of adaptation of first-year students to study at university as pedagogical phenomenon: structure and characteristics // *Amazonia Investiga*. – 2020. – №9(27). – 3. 460-477.
- Baker R. W., & Siryk B. Measuring adjustment to college // *Journal of Counseling Psychology*. – 1984. – 31(2). – P. 179-189.
- Baturay M. H., Yukselturk E. The Role of Online Education Preferences on Student's Achievement // *Turkish Online Journal of Distance Education*. – 2015. – №16(3). – P. – 12.
- Birzina R., Cedere D., Petersone L. Factors influencing the first year students' adaptation to natural science studies in higher education // *Journal of Baltic Science Education*. – 2019. – №18(3). – P. 349-361.
- Coates H. Student engagement in campus-based and online education: university connections. – Routledge, 2006.
- Goldfinch J., & Hughes M. Skills, learning styles and success of first-year undergraduates // *Active Learning in Higher Education*. – 2007. – №8(3). – P. 259-273
- Harvey L., Drew, S., & Smith, M. The first-year experience: A review of literature for the Higher Education Academy. The Higher Education Academy, 2006.
- Krasilnikov A., Smirnova A. Online social adaptation of first-year students and their academic performance // *Computers & Education*. – 2017. – №113(1). – P. 327-338.
- Means B., Bakia M., Murphy R. Learning Online: What Research Tells Us about Whether, When and How. (1st ed.). Routledge, 2014.
- Means B., Toyama Y., Murphy R., Baki M. The effectiveness of online and blended learning: A meta-analysis of the empirical literature // *Teachers College Record*. – 2013. – №115 (3). – P.1-47.
- Yukselturk E. & Bulut S. Predictors for Student Success in an Online Course // *Educational Technology & Society*. – 2007. – №10(2). – P. 71-83.

### References

- Arjanggal, R., Luh Putu S. Kusumaningsih (2016). College Adjustment of First Year Students: The Role of Social Anxiety. *Journal of Educational, Health and Community Psychology*, 5(1), pp. 30-39.
- Badelina, M. V. (2020). Process of adaptation of first-year students to study at university as pedagogical phenomenon: structure and characteristics. *Amazonia Investiga*, no 9(27), pp. 460-477.
- Baker, R. W., & Siryk, B. (1984). Measuring adjustment to college. *Journal of Counseling Psychology*, no 31(2), pp. 179-189.
- Baturay, M. H., Yukselturk, E. (2015). The Role of Online Education Preferences on Student's Achievement. *Turkish Online Journal of Distance Education*, no 16(3), pp. 3- 12.
- Birzina, R., Cedere, D., Petersone L. (2019). Factors influencing the first year students' adaptation to natural science studies in higher education. *Journal of Baltic Science Education*, no 18(3), pp. 349-361.
- Coates, H. (2006). Student engagement in campus-based and online education: university connections. Routledge.
- Filatova Ye.V. (2012) Organizatsiya nastavnichestva kak formy sotsial'nogo partnerstva v oblasti professional'nogo obrazovaniya [Organization of mentoring as a form of social partnership in the field of vocational education]. *Bulletin of Kemerovo State University of Culture and Arts*, no 18, pp. 196-201.
- Goldfinch, J., & Hughes, M. (2007). Skills, learning styles and success of first-year undergraduates. *Active Learning in Higher Education*, no 8(3), pp. 259-273.
- Harvey, L., Drew, S., & Smith, M. (2006). The first-year experience: A review of literature for the Higher Education Academy. The Higher Education Academy.
- Klyuchnikova D.V., Grebenshchikov A.V., Vasilenko L.I. (2016) Rol' kuratora uchebnoy gruppy pri adaptatsii pervokursnika v VUZe [The role of the curator of the study group in the adaptation of the freshman to the university]. *International Research Journal*, vol. 47, no 5, pp. 58-59.
- Krasilnikov, A., Smirnova, A. (2017). Online social adaptation of first-year students and their academic performance. *Computers & Education*, no 113(1), pp. 327-338.

Makarov YU.V. (2013) Psikhologicheskiy trening kak tekhnologiya [Psychological training as a technology]. *IZVESTIA: Herzen University Journal of Humanities and Sciences*, no 155, pp. 61- 66.

Means B., Bakia M., Murphy R. (2014). *Learning Online: What Research Tells Us about Whether, When and How*. (1st ed.). Routledge.

Means B., Toyama Y., Murphy R., Baki M. (2013). The effectiveness of online and blended learning: A meta-analysis of the empirical literature. *Teachers College Record*, no 115(3), pp. 1-47.

Mil'kovskaya I.YU. (2007.) Pedagogicheskiye usloviya adaptatsii pervokursnikov v obrazovatel'nom protsesse vyshey shkoly [Pedagogical conditions for adaptation of freshmen in the educational process of higher education]. *Izd-vo Volgogr. gos. un-ta*, 123 p.

Teryushkova YU.YU. (2018) Individual'noye konsul'tirovaniye kak forma spikhologiyayeskogo soprovozhdeniya studentov pervykh kursov [Individual counseling as a form of psychological support for first-year students]. *Lifelong education: the XXI century*, vol. 21, no 1 (21), pp. 1-6.

Vasil'yeva L.M. (2004) Pedagogicheskiye usloviya povysheniya kvalifikatsii kuratorov studencheskoy gruppy v kolledzhe: avtoref. dis. ...kand. ped. nauk. [Pedagogical conditions for advanced training of curators of the student group in the college: author. dis. ... cand. ped. science]. Stavropol', 21 p.

Yukselturk E. & Bulut, S. (2007). Predictors for Student Success in an Online Course. *Educational Technology & Society*, no 10(2), pp. 71-83.

**И.С. Шаповалова**

Белгородский государственный национальный  
исследовательский университет, Россия, г. Белгород,  
e-mail: shapovalova@bsu.edu.ru

**ЯВЛЕНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ДЕВИАЦИИ  
В РЕФЛЕКСИИ РОССИЙСКОЙ ПРОГРЕССИВНОЙ МОЛОДЕЖИ**

Социальная девиантность молодежи, связанная со злоупотреблением вредными веществами, как правило, химической природы, представляет собой не только проблему, но и явление, отражающее современный ценностный приоритет. Целью научного исследования стала фиксация рефлексии относительно подобных асоциальных явлений в среде российского студенчества, диагностика вовлеченности в ситуацию наркотизации и алкоголизации общества, определение перспектив и стратегий вероятного жизненного выбора молодежи в контексте девиантных практик. Научная и практическая значимость работы связаны с обозначением «социальных координат» и рисков, связанных со спецификой вовлеченности прогрессивной российской молодежи в девиантное пространство, определение точек контроля в диагностике социальной ситуации. Исследование проводилось в течение 7 лет с использованием комбинированных методов опроса (последние годы реализовано посредством онлайн-опросов). Основные результаты и выводы исследовательской работы связаны, прежде всего, с установлением высокой рискологичности среды российской молодежи, имеющей достаточно весомые сектора девиантных элементов в своем составе, для того, чтобы восприниматься средой, продуцирующей социальную девиацию. Практическое значение итогов работы определяется возможностью ее использования в рамках международной социологической компаративистики, в области разработки национальных программ регулирования наркотизации и алкоголизации населения, в региональных проектах управления молодежной политики, а также локальных решениях по предотвращению обозначенных рисков молодежной среды.

**Ключевые слова:** социальная девиация, вредные привычки, молодежь, наркотизация, наркотики, алкоголизация, алкоголь, табакокурение, курительные смеси.

I.S. Shapovalova

Belgorod State National Research University, Russia, Belgorod,  
e-mail: shapovalova@bsu.edu.ru

**Phenomena of social deviation in the reflexion  
of russian progressive youth**

